

**«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ
ұлттық медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамы**



**Некоммерческое
акционерное общество
«Казанский национальный
медицинский университет
имени С.Д.Асфендиярова»**

050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 94 үй
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

050012, город Алматы, Улица Толе би, д 94
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

Бірегей код: 1e5b8e7c4
01.09.2020 №3964-10-01-20-09

**Нұр-Сұлтан, Алматы,
Шымкент қалаларының, облыстардың
Денсаулық сақтау басқармаларының**

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
тауарлар мен қызметтердің сапасы мен
қауіпсіздігін бақылау
Комитетінің аумақтық департаменттерінің
басшыларына**

**Республикалық денсаулық
сақтау ұйымдарына**

Ақпараттық хат

ҚР ДСМ С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті «Almaty Hepatology 2020: бауыр аурулары және жүктілік» III Халықаралық Конгресі 2020 жылдың 06-07 қазан аралығында, ішектің қабыну аурулары бойынша IV Ұлттық Форум 2020 жылдың 08-09 қазан аралығында және «Гастроэнтерологиядағы инновациялық эндоскопиялық технологиялар» шеберлік-классы 2020 жылдың 10 қазанында өткізілетіні туралы хабарлайды.

Конгрестер он-лайн форматта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ғылыми-техникалық іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың құрылғанына 90 жыл толуына арналады және С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Бауырды зерттеу бойынша Қазақ Қауымдастығы және Ішекті зерттеу бойынша Қазақ ғылыми қоғамымен ұйымдастырылады.

Конгрестер жұмысына 20-дан астам елдің дәріскерлері мен дәрігерлер қауымы қатысады.

«Almaty Hepatology 2020: бауыр аурулары және жүктілік» бағдарламасы келесі тақырыптар бойынша пленарлық отырыстар мен ғылыми симпозиумдарды қамтиды: жүктілік кезіндегі ас қорыту мүшелерінің өзекті аурулары; жүктілікке байланысты бауыр аурулары (үздіксіз құсу, бауырішілік холестаз, жедел майлы дистрофия, HELLP-синдромы); жүктілік кезіндегі жедел инфекциялық гепатиттер; жүктілік кезіндегі созылмалы вирустық гепатиттер (В, С, D); жүктілік кезіндегі бауырдың аутоиммунды аурулары (аутоиммунды гепатит, біріншілік билиарлық холангит); жүктілік кезінде бауырдың дәрілермен зақымдануы; өт-тас ауруы және жүктілік кезінде ас қорыту мүшелерінің басқа да хирургиялық аурулары; ас қорыту мүшелерінің аурулары бар жүкті әйелдерге көмек көрсетудің пәнаралық мәселелері.

Ішектің қабыну аурулары бойынша IV Ұлттық Форум бағдарламасы келесі тақырыптар бойынша пленарлық отырыстар мен ғылыми симпозиумдарды қамтиды: ІҚА этиопатогенезінің қазіргі концепциясы; ойық жара колиті мен Крон ауруын жүргізу тактикасынадағы

мультидисциплинарлық көзқарас; ІҚА-дағы ерекше жағдайлар және жүргізу тактикасы: балалар мен жасөспірім жастағы ІҚА, жүктілік кезіндегі ІҚА, ІҚА-ның хирургиялық асқынулары; ІҚА және колоректальді рак.

Шеберлік-класс аясында порталдық гипертензияны эндоскопиялық ультрадыбыстық диагностикалау мүмкіндіктері және ішектің қабыну аурулары мен олардың асқынуларын диагностикалаудың инновациялық эндоскопиялық әдістері ұсынылады.

Конгрестер мен шеберлік-класс қатысушылары: гастроэнтерологтар, инфекционистер, терапевттер, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, акушер-гинекологтар, эндоскопистер, функционалдық және сәулелі диагностика дәрігерлері, хирургтар.

Ұйымдастыру комитетімен байланысу:

телефон: +7 (747) 274 1279

e-mail: info@kasl.kz

сайт: www.kasl.kz

Техникалық ұйымдастырушы:

телефон: 8 (727) 387-21-37 (i.n. 117), e-mail: Lakolzina@westernair.kz

Конгрестер туралы барлық кейінгі және жаңартылған ақпарат www.kasl.kz сайтында қолжетімді.

Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), НУРГОЖИН ТАЛГАТ, ПИN670930300262, "С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ, BIN181240006407



https://kaznmu.isirius.kz/check/1e5b8e7c4:MW6l2X_QU11eu8nAxKRn2zGCGtI

Электрондық құжатты тексеру үшін: <https://kaznmu.isirius.kz/check/> мекен-жайына өтіп, қажетті жолдарды толтырыңыз. Электрондық құжаттың көшірмесін тексеру үшін қысқа сілтемеге өтіңіз немесе QR код арқылы оқыңыз. Бұл құжат, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда шыққан Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз құжатпен тең дәрежелі болып табылады.